

**Ахметова Гульнур Серикбековнаның Абай облысы жер – су атауларының лексика - семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде) деп аталған диссертациясына**

**ПІКІР**

Диссертациялық жұмыс Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігін қарастыруға арналған. Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Жұмыстың кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, теориялық және практикалық маңыздылығы, ғылыми жаңалығы тәрізді мәселелер қарастырылған.

Диссертацияның «Жер-су атауларының ономастикалық кеңістіктегі теориялық негіздемесі» деп аталған бірінші бөлімінде жалпы қазақ топонимикасына шолу жасай келе, отандық топонимиканың жалпы топонимика теориясын, өңір топонимикалық жүйелерін қалыптастырып, қазіргі таңда жер-су атауларын лингвокогнитивтік, прагмалингвистикалық, сана рефлексиясы тұрғысынан жаңаша пайымдалып жатқандығын тұжырымдаған. Сондай-ақ, екінші, үшінші, төртінші тараушаларда Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларының қалыптасуына негіз болған қоғамдық-тарихи, тарихи-географиялық негіздер мен этномәдени факторларды талдаған. Зерттеу барысында жинақталған тілдік материал аталған тақырыптардың мәнін ашуда елеулі үлес қосқандығын атап айтып өтуге болады. Нәтижесінде Абай, Абыралы жер-су атаулары өз бойында өңірдің тарихи сипатын, географиялық ерекшелігін, тілдік болмысын бойына жинақтап, қолданысқа түскенде өңір халқына рухани-мәдени ақпарат беретін тілдік бірліктер екеніне көз жеткізген.

«Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық интерпретациясы» тақырыбындағы екінші тарауында Абай ауданы және Абыралы өңірі жер-су атауларын жіктеудің лексика-семантикалық аспектісі яғни антропотопоним және этнонимдерден қалыптасқан жер-су атаулары, зооним және фитонимдерден қалыптасқан топонимдік атаулар қарастырылған. Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларының құрамында жергілікті халықтың іс-әрекет, тұрмыс-күй, мал, жер шаруашылығы мен аң аулау, құс салу кәсібін көрсететін топонимдер көптеп кездесетіні анықталып, сараланған. Малға жайлы жердің құнарлы-құнарсыздығын, құдық, бұлақ, өзендердің ащы, тұщылығын, табиғат құбылысын көрсететін топонимдер де осы топқа жататыны мысалдар арқылы бекітілген. Оларды мағыналық жағынан орайлас келуіне қарай: антропотопоним және этнонимдерден қалыптасқан жер-су атаулары; зооним және фитонимдерден қалыптасқан топонимдік атаулар; сан және түс атауларынан қалыптасқан жер-су аттары деп өз ішінен бірнеше түрге бөліп қарастырғаны орынды деп есептейміз.

«Абай облысы жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық ерекшеліктері» деп аталатын тарауда Абай ауданы мен оған шекаралас жатқан Абыралы округі жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық ерекшеліктері мен сөз құрамы кеңінен қарастырылған. Зерттеу нысанасына ілінген өңір топонимдерінің жалпы сөзжасамдық-құрылымдық сипаты, яғни атау қалыптастыруда қандай әдіс-тәсілдер қолданылғаны сараланған. Атап айтқанда, Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларын жасауда сөзжасамның синтетикалық, лексика-семантикалық, аналитикалық тәсілдері ұтымды қолданылатыны анықталған. Сондай-ақ, топонимист ғалымдардың айналымға енгізген топоним жасаудағы топонимизация, трансономизация, транстопонимизация тәсілдері де кеңінен қарастырыла отырып, тұжырымдалған.

Ізденушінің осы мәселеге қатысты ұсыныс, пайымдауларын да орынды, дұрыс деп есептейміз.

Жұмыстың қорытынды бөлімінде дәстүрлі түрде зерттеу жұмысының нәтижелері берілген.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс талапқа сай, жүйелі орындалған, Абай облысы жер – су атауларының лексика- семантикалық ерекшелігі және тілге қатысты тілдік материалды сараптау негізінде зерттеу нәтижелеріне қол жеткізілген.

Жалпы жұмыстың құрылымы талапқа сай. Диссертация ғылыми стильде жазылған, мысалдары нақты, тұжырымдары дәлелді.

Қорыта келгенде, Ахметова Гульнур Серикбековна «Абай облысы жер – су атауларының лексика - семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)» атты диссертациясы үшін 6D020500 филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші:**

**«Alikhan Bokeikhan University» ББМ**

**Ономастикалық ғылыми-зерттеу**

**орталығының басшысы, ф.ғ.д., профессор**



**Сейітова Ш.Б.**

